

Нұрлы Нұра төрінде көктем шуағы шашылды

Міне, көктем де келіп жетті. Енді көп ұзамай бүкіл тіршілік атаулы қалың ұйқысынан ояғандай, түрлене түседі. Бір қызығы, тап осы кезеңде аналар қауымының сымбатына қызықпасқа шараң жоқ. Өмірдің сәні де, мәні де әйелдер қауымы екеніне тағы сүйсіне түсесің. Дүние гүліндей боп өмір бастайтын Ана атты ұлы тұлғаның қоғамдағы орны мен болмыс-бітімі мүлдем ерекше. Міне, осындай,

мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің есепшісі Д.Т. Айдарханова, Аудандық мәдениет үйінің безендіруші-суретшісі Е.А.Бем, Нұра аудандық сотының қызметкері А.К.Серікова, Нұра ауданы бойынша салық басқармасының бөлім басшысы Д.Т.Шахманова, Ақмешіт ауылы әкім аппаратының ветеринария жөніндегі бас маманы Р.А.Смағұлова, Аудандық орталықтандырылған ауруханасының



ұылық періштелеріне арналған салтанатты мерекеді аудан әкімі Құдайберген Бексұлтанов құттықтап, марапаттады.

Салтанатты жиын аудан орталығының мәдениет үйінде өтті. Бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар қауымына аудан әкімі Қ.Бексұлтанов:

-Сіздерді бүкіл дүниені шаттық шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің айтулы мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Барға тасымай, жоққа жасымай, қиыншылықтарға мойымай еңбек етіп, ұрпақ тәрбиелеп келе жатқан Сіздерге әрқашан да қарыздармыз. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» дейді халқымыз. Ал, тал бесіктің иесі - әйел-аналар, біздің қоғамымыздың келешегі, Тәуелсіздігіміздің тағдыры өздеріңізге байланысты.

Жас мемлекетіміздің нығайып, әлемдік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алуына, өркениет жолымен дамуына өз үлестеріңізді қоса

медбикесі Г.Ө.Бекішова, Нұра ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің жұмылдыру дайындығы және аумақтық қорғау бөлімшесі бастығының аға көмекшісі О.В.Гуляева, «Қарағанды облыстық санитарлық - эпидемиологиялық сараптама орталығының» РМКК Нұра ауданы бойынша филиалының санитарлық - эпидемиологиялық зертханасының зертханашысы А.С.Уашева, Нұра ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасының оқытушы-аудармашысы Г.А.Тоқубаева, Аудандық телекоммуникация торабының электромонтері И.М.Каменева.

Жиынның салтанаттық бөлімі аяқталғаннан соң, мектеп оқушылары мен аудандық мәдениет үйінің қызметкерлерінің қатысуымен, режиссер А.Сыздықұлының қоюымен «Соқыр Ана» спектаклінен үзінді көрсетілді. Бұл үзіндіден ананың балаға деген шексіз махаббатының иісі аңқып тұрды.

Қойылым барысында анасының бір көзін кемдігін намыс көрген баласы Абзал «соңымнан іздеп келме»,



беретіндеріңізге сеніміміз мол,- деп тілегін білдірді. Сонымен қатар осы салтанатты жиын барысында еңбегімен еленген аналар марапатталды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Шапағат» медалімен Кертінді ауылының дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері М.Т.Калита, Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет» грамотасымен кәсіпкер Омарова Айша, «Жасөспірімдер мен балалар спорт мектебі» басшысының орынбасары О.А.Баранова, Аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас бухгалтері О.М.Кузнецкая, Киевка №3 орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.А.Әлмағамбетова, Қарағанды облысы әкімінің «Алғыс хатымен» аудандық кітапхана директорының орынбасары Г.С.Ажмағамбетова, Нұра ауданы әкімінің «Құрмет» грамотасымен Ауданның білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас экономисті Ж.Ж.Қасымова, осы бөлімнің бас маманы Г.Ө.Алшынбаева, осы бөлімнің қызметкері Э.А.Калиновская, жеке кәсіпкер Л.Н.Куприянич, Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаалар бөлімінің қызметкері Н.Р.Байділдина, Аудандық пошта байланыс торабы басшысының орынбасары Л.А.Бычкова, Ауданның орталықтандырылған кітапхана жүйесінің автоматтандыру және жаңа технологиялар секторының меңгерушісі А.А.Никитова, Нұра ауданының ІІБ миграциялық полиция тобының жетекші маманы В.Н.Виднекевич, Аудандық

деп тыйым салған кезде, баласының сөзінен жүрегі қарс айырылған сорлы шеше құлынына деген махаббатын жалау етіп, өле-өлгенше сыртынан баласының амандығын тілеп жүреді. Бірақ, көз жұмар алдында баласына хат жазып тастап, бір көзінен қалай айырылғанын баян етеді.

Көлік апатына жанұясымен ұшыраған сөтте отағасы о дүниелік болып, ал, жас сәби Абзалдың оң жақ көзіне зақым келіп, баласының болашағы үшін анасы өз көзін берген екен. Анасының шексіз мейірімін кеш түсінген Абзал сол кездегі «Мен сенен ұяламын! Сен мені іздеп келме!» деген сөзі, өзінің қалған өміріне ауыр жүк боп кете барды. Баласының рөлін Саян Бостанбаев, анасын Гүлмира Жакудина сомдаса, көрермендерге бұл оқиғаны қоңыр дауысымен Ардақ Оспанов баяндап тұрды. Басты кейіпкер Абзалдың баалаық, бозбалаық бейнесі мен достарын аудан орталығының үш мектебінің оқушылары, мұғалімнің рөлін Лаура Абылаева, мектеп директорын Амангелді Шахарбаев сомдады. Үзіндіні тамашалаған барша халықтың жанарларына жас тығылып, ананың баласына деген махабатын тағы бір мәрте мойындай отырып, зор ықыласпен осы дүниені жүректеріне жеткізген өнерпаздарға шапалақ ұрды.

Соңы мерекеге арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

Тазағұл Пішенбаева